№3 «Гүлдер» Алға балалар бақшасы
Қамқоршылық кеңесі отырысының №1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «09» қазан 2026 жыл
Өткізілген орны: балабақша
Кеңес төрағасы: А.Токмурзин
Хатшы: Г.Сейлхан
Қатысқандар: қамқоршылық кеңесінің мүшесі

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Кеңестің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қарау және бекіту.
2. Кеңес мүшелерінің жұмыс бағыттары мен міндеттерін нақтылау.
3. Ата-аналардың өтініштері мен ұсыныстарын қабылдау тәртібін, байланыс арналарын белгілеу.

1. Кеңестің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қарау және бекіту

Тыңдалды:
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.Токмурзин кеңестің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасымен таныстырды.
Жоспарда балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, тәрбиеленушілерге қолайлы жағдай жасауға қатысты ұсыныстарды қарау, ата-аналардың өтініштері мен ұсыныстарын қабылдау және кеңес жұмысын жүйелі ұйымдастыру мәселелері қамтылғаны айтылды.
Кеңес отырыстарын жоспарға сәйкес өткізу, қаралатын мәселелер бойынша ақпараттарды алдын ала дайындау және қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау ұсынылды.

Сөз сөйлегендер:
Кеңес мүшесі Ш.Давлетова жұмыс жоспарындағы мәселелердің балабақша қажеттіліктеріне сәйкес келетінін айтып, жоспарды бекітуге ұсынды.
Кеңес мүшесі А.Жиенкулова әр отырыста алдыңғы қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат тыңдауды ұсынды.

Қаулы етті:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Кеңес отырыстары бекітілген жоспарға сәйкес өткізілсін.
3. Кеңес хатшысы бекітілген жұмыс жоспарын кеңес мүшелеріне таныстырсын.
4. Қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат келесі отырыстарда қаралсын.

Жауаптылар: кеңес төрағасы, хатшы, кеңес мүшелері.
Орындау мерзімі: 2026–2027 оқу жылы бойы.

2. Кеңес мүшелерінің жұмыс бағыттары мен міндеттерін нақтылау
Тыңдалды:
Кеңес төрағасы А.Токмурзин кеңес мүшелерінің міндеттерін бөлісу және бірлескен жұмысты ұйымдастыру туралы баяндады.

Кеңес төрағасына отырыстарды ұйымдастыру, күн тәртібін қалыптастыру, кеңес мүшелерінің жұмысын үйлестіру және қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау міндеттерін бекіту ұсынылды.
Хатшының міндеттеріне отырыс материалдарын дайындау, қатысушыларды хабардар ету, хаттамаларды рәсімдеу, кеңес құжаттарын жинақтау және келіп түскен өтініштер мен ұсыныстарды тіркеу енгізілетіні түсіндірілді.
Кеңес мүшелеріне ата-аналармен байланыс орнату, олардың ұсыныстарын кеңес қарауына енгізу, күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысу және қабылданған шешімдерді орындауға атсалысу ұсынылды.

Сөз сөйлегендер:
Кеңес мүшесі А.Жексембаева міндеттерді мүшелердің мүмкіндіктері мен келісімін ескере отырып бөлуді ұсынды.
Кеңес мүшесі Л.Сисенбаева әр бағыт бойынша орындалған жұмыс туралы ақпаратты хатшыға уақытылы беріп отыру қажеттігін атап өтті.

Қаулы етті:
1. Кеңес төрағасына отырыстарды ұйымдастыру және кеңес жұмысын үйлестіру міндеттері жүктелсін.
2. Кеңес хатшысына хаттамаларды рәсімдеу, құжаттарды жинақтау, өтініштер мен ұсыныстарды тіркеу міндеттері жүктелсін.
3. Кеңес мүшелері ата-аналармен байланыс орнатып, түскен ұсыныстарды кеңес қарауына енгізсін.
4. Кеңес мүшелері қабылданған шешімдердің орындалуына өздеріне белгіленген міндеттер шегінде қатыссын.
5. Балалар мен ата-аналарға қатысты жеке мәліметтердің құпиялылығы сақталсын.
Жауаптылар: кеңес төрағасы, хатшы, кеңес мүшелері.
Орындау мерзімі: оқу жылы бойы.

3. Ата-аналардың өтініштері мен ұсыныстарын қабылдау тәртібін, байланыс арналарын белгілеу
Тыңдалды:
Кеңес хатшысы Г.Сейлхан ата-аналардың өтініштері мен ұсыныстарын қабылдау және кері байланыс орнату тәртібі туралы хабарлады.
Ата-аналар өз өтініштері мен ұсыныстарын кеңес төрағасына немесе хатшысына жазбаша түрде, жеке қабылдау барысында, сондай-ақ белгіленген электрондық байланыс арнасы арқылы жеткізе алатыны ұсынылды.
Келіп түскен өтініштер мен ұсыныстарды тіркеу журналына енгізу, мазмұнына қарай жауапты тұлғаларға жеткізу және қарау нәтижесі туралы өтініш иесіне хабарлау қажеттігі айтылды.
Кеңес құзыретіне кіретін мәселелерді отырыста қарау, ал балабақша әкімшілігінің шешімін қажет ететін мәселелерді әкімшілікке жолдау ұсынылды.
Сөз сөйлегендер:
Кеңес мүшесі Г.Каратаева ата-аналарға кеңеспен байланысу жолдары туралы ақпарат беруді және оны ақпараттық бұрышқа орналастыруды ұсынды.
Қаулы етті:
1. Ата-аналардың өтініштері мен ұсыныстарын қабылдаудың мынадай арналары белгіленсін:

- алдын ала келісілген уақытта жеке қабылдау;
2. Келіп түскен өтініштер мен ұсыныстарды тіркеу кеңес хатшысына жүктелсін.
3. Тіркеу журналында өтініштің түскен күні, қысқаша мазмұны, жауапты тұлға және қарау нәтижесі көрсетілсін.
4. Кеңес құзыретіндегі мәселелер кеңес отырысында қаралсын, өзге мәселелер тиісті жауапты тұлғаларға жолдансын.
5. Өтініштерді қарау нәтижесі туралы ата-аналарға кері байланыс берілсін.
6. Байланыс арналары туралы ақпарат ата-аналарға таныстырылып, ақпараттық бұрышқа орналастырылсын.

Кеңес төрағасы: А.Токмурзин
Хатшы: Г.Сейлхан